

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 36 шешімі. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 12 шілдедегі № 51 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округі әкімінің 12.07.2022 № 51 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7 ) тармақшасына сәйкес, Қызылқоға ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 4 мамырдағы № 11-10/126 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Атырау облысы Қызылқоға ауданы Сағыз ауылдық округіне қарасты " Мұқатай" шаруа қожалығының ұсақ қара малдары арасында инфекциялық энтеротоксемия ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*У. Адилов*